

Қош келдің, әз Наурыз!



МАМАЯН



1967 жылдың 6 сәуірінен бастап шығады • e-mail: agunkatu@gmail.com • www.agun.kz • № 15 (2090) 18 наурыз 2011 жыл

## ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР МЕН СТУДЕНТТЕР ҚАУЫМЫ!

*Сіздерді сән-салтанаты ерекше Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Егемен ел еңсесіне айналған жаңа күн, жаңа жыл – Ұлы күні еліміз үшін ынтымағы берік, әлеуметіне әлеуеті серік, абыройлы да, ізгілігі мол жылдың бастамасы болатыны хақ!*

*Осынау қуаныш пен шаттыққа толы Наурыз мерекесінде Сіздерге және сіздердің отбасыларыңызға зор денсаулық, шаңырақтарыңызға береке-бірлік, қызметтеріңізге толағай табыс тілеймін!*

*Ізгі ниетпен, Бұлашев Айтбай Қабыкешұлы*

# ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – НАУРЫЗ

*Халқымыздың ежелден желісі үзілмей жеткен көне салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары рухани, мәдени және адамгершілік дүниеміздегі қымбат қазыналарымыздың бірі.*



О баста адам өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасы негізінде туындаған халықтық салт - дәстүрлер, діни әдет-ғұрыптар, маусымдық мерекелер және

отбасылық той-томалақтар деп үш топқа бөлінеді. Діни әдет-ғұрыптарға өте ертеден қалыптасқан түрлі ырым, наным-сенімдермен бірге зороастр, будда, шаман, ислам діндерінен енген рәсімдер жатады. Ал маусымдық мерекелерге жалпы халықтық тойлар – жыл басы тойы – Наурыз, жаз тойы – Қымызмұрындық, күз мейрамы – Мизам (шопандар тойы мен сабантой), қыс тойы – Соғым енеді. Сондай-ақ, биебау, тулақшашар, шашыратқы, сіргетағар, сіргежияр, қоныс тойы, күйек байлау, күйек шешу, жүн қырқар т. б. кәсіптік мейрамдар да маусымдық мерекеге саналады. Ал отбасылық тойтомалақтарға келсек, үйлену тойы (құда түсу, жаушы жіберу, қыз таңдау, қарғы бау, үкі тағар, ұрын бару, есік-төр көрсету, қынаменде, жар-жар, беташар,

қыз ұзату, келін түсіру, неке кию, отауға түсіру, отқа май құю, өлітірі т. б.), құрсақ шашу, қырқынан шығару, ат қойып, айдар тағу, тұсау кесер, тілашар, сүндет тойы, мүшел тойы, сапар тойы, жерлеу салттары (қара тігу, аза тұту, жаназа шығару, жоқтау, тұлдау, ас беру т. б.) осы топқа кіреді.

Адам баласы шыр етіп жерге түскеннен бастап қартайып дүниеден өткенге дейінгі өмірі үнемі сан ғасырлық наным-сенімі, таным-түсінігі, қоғамдық даму барысындағы ізденістері жинақталған салт-дәстүрлер аясында болады.

«Халқым қандай десен, салтымнан сынап біл» демекші, салт-дәстүрлерден этностың мінез-құлқы, үлгі-өнегесі, зейін-зердесі, даналығы мен даралығы, шешендігі мен тапқырлығы, ақыл-ойы, сондай-ақ, жаратушы мен жаратылысқа, өзін қоршаған жанды, жансыз әлемге деген моральдық, танымдық, этикалық көзқарастары көрінеді. Яғни, салт-дәстүр дегеніміз — халықтың рухани өзегі, мәдениетінің дінгегі, тілінің тірегі.

**Әзірлеген Гүлбаршын Нұрмұхамбетова. Экономика факультетінің 1 курс студенті**

## ТАНЫМДЫҚ КЕЗДЕСУ

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің әскери кафедрасына Үндістанның Нью-Дели қаласынан полковник Тапа Анил Кумар бастаған келген делегация келді. Олар елімізге Қазақстандағы жоғары оқу орындардың әскери кафедраларындағы офицерлер мен студенттердің біліктіліктерін арттыру бойынша ықпалдастық орнатып, тәжірибе алмасу мақсатында сапар шекті.

Әскери делегация Үндістанның Ұлттық Кадет корпусынан келді. Шетелдік меймандар Ұлттық Кадет корпусы мен Қазақстанның жоғары оқу орындары арасындағы жасалған келісімшарт негізінде елімізге келіп отыр. С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ мен Үндістанның ҰҚК-сы арасында ықпалдастық 2009 жылы басталғанын айта кету керек.

*Басы. Жалғасы 2-бетте.*



*Автожауапбергіі*



*А.В.Майер, Заместитель председателя правления по воспитательной работе и социальным вопросам.*

**- В какой день своей жизни вы бы хотели вернуться и что изменить?**

- Даже если бы была возможность не стал бы возвращаться в прошлое и что-то менять.

**- Какое открытие вам хотелось бы совершить?**

- Открытия должны делать талантливые личности.

**- Сколько вам нужно денег для счастья?**

- Очень мало, когда их много – это не всегда счастье.

**- Вы когда-нибудь выигрывали в лотерею?**

- Такого случая я не припомню, к тому же не отношусь к азартным людям.

**- Поступок, которым вы гордитесь?**

- Их было несколько, но больше всего горжусь поступками, которые принесли пользу людям.

**- Что вас может вывести из себя?**

- Практически это сделать невозможно.

**- Ваши симпатии и антипатии?**

- Симпатии вызывают люди скромные, воспитанные, образованные, трудолюбивые и порядочные. Обратную реакцию вызывают двуличные, грубые, высокомерные и нечистоплотные в большом смысле этого слова.

**- Вы довольны собой?**

- Бывает, но очень редко.

**- Ваш главный враг?**

- Я его не вижу.

**- Какое послание вы бы оставили другу (любимой, любимому или студенту) на автоответчике?**

- Стремитесь к цели прямой дорогой, делайте все по совести, не подводите своих родных, думайте о будущем и любите наш университет.

## ТАНЫМДЫҚ КЕЗДЕСУ

*Жалғасы. Басы 1-бетте.*

Қонақтар алдымен университеттің әкімшілігімен кездесіп, Үнді Ұлттық кадет корпусы мен университеттің әскери кафедрасы арасындағы ынтымақтастық мәселесін талқылады. Делегация өкілдері университеттің мұражайын аралап, 50 жылдан астам тарихы бар білім мекемесінің тарихынан сыр шертетін құнды жәдігерлермен танысты. Кадеттер одан кейін білім ордасының әскери кафедрасында болып, олардың әскери техникалары мен жауынгерлік әзірліктерін тамашалады.

Шетелдік меймандардың Қазақстанға келген сапары шығыс халықтарының ұлы мерекесі – Наурыз мейрамымен тұспа-тұс келгені тамаша болды. С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ ұжымы ұлық мейрамды мерекелеуді бастап кетті. Әр факультет өз алдына бір ауыл ретінде наурыз тойын тойлауда. Қазақ халқының салт-дәстүрі мен ұлттық әдет-ғұрпын паш еткен сахналық көріністер ұйымдастырып, мерекелік дастархан жайды. Қай кезде де қонақжайлылық қасиетінен таймаған қазақ жұртшылығы үнділік қонақтарға ерекше ықылас көрсетіп, наурыз мейрамын бірге тойлап, мерекелік думанның бел ортасында жүріп, ұлтымыздың пейілі мен ықыласын сезінулеріне мүмкіндік жасады. Ең бастысы – қазақ халқының мәдени құндылықтарын көрсете білді. Ұлттық тағам – наурыз көже мен қымыз ішіп, қазы-қартадан дәм тартқан меймандардың қуанышы шексіз болды.

–Қазақстан мәдени құндылықтарға өте бай, адамдары қонақжай тамаша ел екен,- деді полковник Тапа Анил Кумар мырза. – Барша шығыс елдерінің жыл басы саналатын наурыз мейрамын қазақ халқы қалай тойлайтынын көріп, куә болдық. Бұл сапар біз үшін тарихи тағылымдық мәні зор, танымдық сапар болды. Университеттің әскери кафедрасында сарбаздардың жауынгерлік әзірлігі өте жоғары



деңгейде екен. Сіздерден көптеген мағлұматтар алдық. Елімізге өзімізбен бірге керемет естеліктер ала кететін болдық.

Делегация өкілдері тәжірибе алмасу мақсатымен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің әскери кафедрасы мен Ш.Уәлиханов атындағы Кадет корпусына да баруды жоспарлап отыр.

**Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ**



### Наурызкөже неге жеті түрлі дәлнен жасалған?

Қазақ киелілікке, ырымшылдыққа аса мән берген. Наурызкөжеге **су қосқаны** - өмір өзен, ұрпақ-өріс судай асып-тасысын дегені болса керек. «Алдыңғы толқын ағалардың» «кейінгі толқын інілерге» ықпалы тарихының айғағы. «Сылдырап өңкей келісім, тас бұлақтың суындай болайық» дегені.

**Тұз қосқаны:** Қазақтың мәдениеті – сөз. Қашаннан сөзді қадірлеген қазақ ешқашан дәмсіз сөз сөйлемеген. Сондықтан да «Тұз – астың дәмін келтірер, мақал – сөздің мәнін келтірер» деп мағыналы мақал айтқан. «Құр бос жүре бермей нәтиженің дәмін білейік, бір-бірімізге дәмді сөздер айтысып жүрейік» деген мағынада ырымдалған болса керек.

**Сүт немесе ақ құйғаны** – сүттей ұйып отырайық, ақ мол болса денсаулыққа да кепіл дегені. Көңіліміз де ақ болсын деген таза ниет. «Ағы бардың - бағы бар» деп түсінетін қазақ халқы сүт тағамын бақыт несібесі деп білген.

**Құрт қосатын себебі** – құрт күшті ас. Әр түрлі тамаққа пайдаланады. Әсіресе жазғытұрым уақытта пайдасы мол. Әлсіз, аурушан адамдарға қуат береді. Бұл асты - қуаттың көзі болсын, ел қуаты нығайсын, денсаулығы берік болсын деген ырымға негіздесе керек.

Наурызкөже қазақтың ең жақсы көретін, негізгі ас дәмдерінің бірі – **ет қосылады**. Қазақтың табиғаты мал мен біте қайнаскан болса, ет – қазақтың төл асы. Қазан толсын, асар мол болсын деген мақсатта «ұзынсарыға» сақталған сүрі етті тұтастай Наурызкөжеге салып қайнатады.

**Көжеге алтыншы** - дәм арпаны қосады. Арпа дәрілікке ем. Зерттеушілер, «Арпа ай тұтылған кезде себілетін болса, кейін одан пісірілген нан есі ауысқандарға шипа болады. Арпа сеуіп жатқан кезде ай дөңгеленіп Зухар жұлдызына қарама-қарсы тұрса, арық-тұрақ мал оңалып, қой жинайды. Жылдың жақсы немесе жаман келуі арпаға қарап анықталады. Данышпан қарапайым бабаларымыз осыны арқау еткен» дейді.

**Жетінші дән** – күріш. Күріш де денсаулыққа шипа, ішкі құрылысты тазартатын табиғи элементтерге бай дәнді дақыл. Жалпы, Наурызкөжеге дәнді дақыл пайдаланатыны – бір тамырдан өсіп-өнген күріштей ұрпағымыз көп болсын деген тілек болса керек. Наурызда берілетін бата нышаны осы Наурызкөжеде де сайрап тұр.

Наурыз пайдалы да құтты, ырысты болсын, өскін мол болсын деген қазақ тілегінің, ырымының басты көзі Наурызкөже болса керек.

**Әзірлеген Акерке Түлекова, Акерке Құрметбек, Журналистика курсының тыңдаушылары**

# Наурызды қалай қарсы аласыз?



**Шығыс халықтарына ортақ үлкен мейрам Наурыз-бірліктің, татулықтың, ізгіліктің, бақыттың мерекесі. Көне парсы тілінен аударғанда «Жаңа күн» деген мағына беретін Наурыз – жыл басы болып саналады.**

Қыстың көбесі сөгіліп, тіршілік атаулыға жан бітіп, жасарып-жанаратын, табиғат пен жердің көгеріп, көктейтін шағы. Қытымыр қыстың қыспағынан құтылып, арқа-бас кеңейіп, мейрам-шаттыққа кенелген осынау жайдарман шақта келіп жеткен Жаңа жылымыз құтты жыл болсын!

Бұл мереке тәуелсіз елімізде биыл міне, жиырмамыншы рет тойлануда. Бірақ, әр отбасында наурыз әртүрлі тойланатыны хақ. Осы орайда аталмыш мерекені біздің ұстаздарымыз қалай тойлайды екен деген сұраққа жауап іздеп, олармен сұқбаттасып көрген едік.

**Алмагүл Кәкімжанова, топырақтану және агрохимия кафедрасының оқытушысы, биология ғылымдарының докторы:**

- Біз 22-наурызды отбасымызбен үлкен мән беріп тойлаймыз. Бұл күні үйімізге алыс-жақыннан туғантуысқандарымыз келеді. Жалпы біздің үйде Наурызға дайындық 1 күн бұрын басталады. Ал, 22-Наурыз күні ертемен тұрып, ет асып, Наурыз көже пісіріп, әртүрлі ұлттық тағамдар дайындаймыз. Және де көшеде болатын мерекелік бағдарламаларды барып тамашалаймыз. Мерекеден келгеннен кейін, үстел басына жиналып, бір-бірімізге жылы лебіздерімізді білдіреміз. Міндетті түрде ұлттық киім киеміз. Кішкентай

*«Малдар төлдеп, қой қоздап,  
Сүттен бұлақ ағызан,  
Жаңа жылдың сипаты,  
Молшылыққа аңыз боп,  
Басталыпты Наурыздан!  
Көгімде күн өрлетіп,  
Төрт мүлігін төлдетіп,  
Қаймақ сүтін көлдетіп,  
Ризық-құтын селдетіп,  
Келді Наурыз – Ұлыс күн!*

немерелерім би билеп, тақпақ айтса, барлығымыз қосылып, «Наурыз» әнін шыраймыз. Одан әрі қарай туғантуысқандарымыздың, достарымыздың үйлеріне барып, оларды құттықтаймыз. Міне, осылайша жаңа жылымызды қарсы аламыз.

**Шахислам Баймұқанов, өсімдік шаруашылығы кафедрасының доценті:**

- Наурыз жалпы біздің қазақ халқының ең басты мерекесі болып саналатындықтан, бұл күні біздің отбасымызда да ұлан-асыр той болады. Таңмен бірге оянып, барлығымыз Наурызға дайындаламыз. Қазан-қазан

ет асылып, дәстүрлі Наурыз көжеміз пісіріліп, дастархан жайылады. Туғантуысқан, құрбы-құрдастарымыз жиналып, ұлттық киімдерімізді киіп, ән айтып, би билеп, кішкентайлар жағы тақпақтарын айтып, мәз-мейрам боламыз. Бір-бірімізге тек қана жақсы сөздер мен жақсы тілектерімізді айтып, Жаңа жылдан амандық, молшылық, береке тілейміз.

**Бауыржан Әрінов, өсімдік шаруашылығы кафедрасының доценті, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты:**

- Наурыз – ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұраларымыздың бірі ғой. Күн мен түннің теңелетін шағы, жаңа жылымыздың бастауы болғандықтан бұл мерекеге үлкен мән беріп, отбасымызда жақсы ырымдарымызды жасап, тек қана жақсылықтар тілейміз. Қазақ өзі қонақжай халықпын ғой, бұл күні де үйге туған-туысқан, дос-жарандарымыз келіп, ұлттық тағамдарымызға толған берекелі дастархан басына жиналамыз. Жақсы тілектер айтылып, Жаңа жыл берекесі мен ырысын ала келсін деп тілек тілейміз.

**Сауланаман жүргізген Назерке Каримова, Агрономия факультетінің 2 курс студенті**

## Бесікке салу салты

Бесік – қасиетті, киелі құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. «Ел іші – алтын бесік» деген сөз бесіктің құдіретін көрсетеді. Жаңа туған баланы бесікке салу да халқымыз үшін елеулі дәстүрдің бірі. Бесікке салу жолы үлкен немесе елдің тәрбиелі, өнегелі әжелеріне, әйелдерге тапсырылады. Ол бесікті отпен аластап «тыштырма» жасап алып, баланы бесікке бөлейді. Бесік үстіне жеті түрлі қадірлі, таза заттар қойылады. Бесікке салған адамға «бесікке салар» яғни кәделі сый беріледі. Осындай қуаныш үстінде «Бесік жыры» айтылады:

Айыр қалпақ киісіп,  
Ақырып жауға тиісіп,  
Батыр болар ма екенсің?  
Бармақтарың майысып,  
Түрлі ою ойысып,  
Шебер болар ма екенсің?  
Таңдайларың тақылдап,  
Сөзінді жұрт мақұлдап,  
Шешен болар ма екенсің?

Бесіктің сәби денсаулығына, тазалығына пайдасы өте зор. Бесіктегі сәбидің бойы, қол аяғы түзу, ширақ болады. Сондай-ақ бесік баланы кездейсоқ құлаған заттан, суық пен ыстықтан да қорғайды. Пәле-жаладан сақтасын деп ырымдап, оған тұмар, бүркіт тұяғы, жыланның бас сүйегі, кірпі сияқты заттар тағып қояды.

Бесік ағаштан, негізінде талдан иіп жасалады. Себебі тал басқа ағаштай емес йілмелі морт сынбайды, күрт түспейді, жат иісі болмайды. Бесіктің



мынадай құрал-жабдықтары болады: жастық, мамық, жөргек, түбек, шүмек, қолдау, тартпабау т.б.

**Әзірлеген Ақбаян Құрбанова, ВжМШТ факультетінің 2 курс студенті**

Күллі шығыс мемлекеттерінің жаңа жылы болып есептелетін әз Наурыз мерекесін С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті жыл сайын үлкен әзірлікпен қарсы алады. Дәстүрге айналғандай университет ұжымы ұлық мерекені тойлауды наурыздың 14 күні-ақ бастап кетті. Әз Наурызды әр факультет өз алдына бір-бір ауыл ретінде мерекелеп, ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрпымызды көрсетуде өзара сынға түсті.

# ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН,



Тойды алдымен Техникалық факультет бастап, тұсау кесу рәсімін көрсетті. Мерекелік думан Компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру факультетінде жалғасын тауып, олар атастыру, қыз көрсету, қыз ұзату жоралғысын көрсетті. Наурыз мейрамы Сәулет өнері факультетінде жалғасып, мұндағы ұжым мерекені «Армысың, әз Наурыз» атты шеберлер ауылының жәрменкесімен бастады. Факультет атына сай қазақ халқының мәдени мұрасын паш ететін қолөнер шеберлерінің жәдігерлерімен ерекшеленді. Жастар жағы ұлттық ойын түрлерінен сақина салу, асық, тоғыз құмалақ ойындарын көрсетсе, бүлдіршіндер

тарту еткен «Қара жорға» биі мерекенің ажарын келтірді. Келесі күні Наурыз мейрамы Экономика факультетінде жалғасты. Олар келін түсіру салтын көрсетсе, Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультеті дәрісхананың ішіне ақ қанатты кигіз үй тігіп, бесікке салу жоралғысын тарту етті. Думанды Энергетикалық факультет ұжымы жалғастырып, құдаласу, сырға салу салтын көрсетті. Басшылық тарпынан арнайы әділқазылар мүшесі сайланған болатын. Олар барлық факультеттердің мерекесін тамашалағаннан кейін, дүбірлі мерекенің қорытындысын шығарып, жеңімпаздарды анықтайтын болады.

# АҚ МОЛ БОЛСЫН!





# Наурыз — жыл басы

Қайырымдылық пен Қатыгездіктің күресінен туған деген ой қорытындылауына себеп болды. Алайда, «Екі жарты – бір бүтін», «бірлік болмай - тірлік болмас», «тіршілік көзі - бірлікте» деген халық даналығына үңілсек, ата-бабаларымыздың жаратылыс жайындағы түсінігі басқаша екенін көреміз. Бірінсіз бірі болмайтын, үнемі бірін екіншісі алмастырып отыратын тіршіліктің құралым бөлшектерінің үйлесімді бірлігінен бір тұтас жаратылыс, тіршілік туса керек.

Бұл күн – аспан денелері өздерінің ең бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңелетін, жан-жануарлар төлдеп, адамдардың аузы аққа тиетін, жер үстіне шаттық орнаған күн. Қазақ елі осы күнді «Ұлыстың ұлы күні – ұлыс күні» деп атаған. Григориан күнтізбесі бойынша ескіше 9 наурыз, жаңаша 21-не 22-не қараған түн осы күнге сәйкес келеді.

Наурыз сөзі иран тілінің ноу — «жаңа», руз — «күн» деген сөздерінен қалыптасып, жылдың бірінші күнін білдірген. Ал қазақ тілінде «наурыз» сөзі -біріншіден, жыл басында тойланатын думанды халықтық мейрам, екіншіден, наурыз айы, үшіншіден, ұлыс күні жасалатын көжеге қатысты айтылады.

Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан бері орын алған. Бұл мейрамды ежелгі гректер «Патрих», бирмалықтар «Су мейрамы», тәжіктер «Гүл гардон», «Бәйшешек», «Гүлнаурыз», хорезмдіктер «Наусарджи», татарлар «Нардуган», буряттар «Сагаан сара», соғдалықтар «Наусарыз» армяндар «Навасарди», чуваштар «Норис ояхе» деп түрліше атаған. Шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлайтындығы жайындағы көне деректер бізге Әбу Райхан Бируни, Ибн Балхи, Омар Хайям еңбектері арқылы жетіп отыр. Мәселен, иран тілде халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндері әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды; жаңа өнген жеті дәнге қарап, келешек егін жайлы болжайды; жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже - «сумалак» ұсынады; ағаш соқамен бір борозда жыртады, ат шаптырып, жамбы ағысып жарысады; көнетоз киімдерін тастап, үйдегі ескі шыны -аяқты сындырады; бір-біріне гүл ұсынып, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою — «күн символын» салады; үйдің тіреу ағашына гүл іледі. Ал ежелгі түркілер болса, ұлыс күндері жаңа киімдерін киіп, сақал -мұрттарын түзеп, машатарын алады, алты күн садақ тартып машықтанған соң, жетінші күні алтын теңге - жамбы атып жарысады. Егер кімде - кім бірінші болып, жамбыны атып түсірсе, сол адам бір күн елге патша болып, билеуге ерік беріледі. Наурыз жырында:

«Атасы мен анасы,  
Үш жүз алпыс бес баласы,  
Он екі ауыл шамасы,  
Отыз ор дуадақ,  
Бес балақ сан,  
Елу екі қаракшы»,- деп халық жұмбағында айтылғандай, қазақтар бір жылды ерқайсысы отыз күннен тұратын он екі айға бөлген. Жыл соңындағы санатқа кірмей қалған 5 (б) күн — «бес қонақ» деп аталады. Мұны фарсылар «фәнджи», сотистік күнтізбеде «эпагоменаи» (шолак ай) дейді. Ежелгі сенім бойынша жақсылық пен жамандықтың жан алып, жан берісіп өмір үшін күресуі санатқа кірмей қалған осы уақыт аралығына сәйкес келеді. Осы бір «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер, өлінің әрі тартар, тірінің бері тартар» қиын, қысталу күндері халық тілінде «өліара» деп аталады. Қазақтар осы 5 (б) күнді өткізіп жібермей жолаушы шықпайды, қоныс аудармайды, жиын-той жасамайды, мал сойып, қонақ шақырмайды. Ақсақалдар өліарада «апыр-ай, қайтер екен» деп ауыл иттерін де үргізбеген.

Қыс пен жаздың халық санасындағы осы көрінісі кейбір ғалымдардың Наурыз мейрамының шығу тегін дуалистік теориядан іздеп, Жақсылық пен Жамандықтың, Қыс пен Жаздың, Суық пен Жылының,

күні – ұлыс күн», «ұзақ ұшып келген күн», «жыл басы» - жылқышы торғай (нәуірзек) келген күн, «көк құт көзін (өсімдік) ашқан күн», «жылдың жерге түскен күні», «Жер-Ананың тоң кеудесі жібіп, тас емшегі иіген күн», «Самарқанның көк тасы еріген күн» тәрізді бейнелі сөз оралымдары сақталған. Осылардың біріне - «Самарқанның көк тасы еріген күн» дегенге тоқтала кетпесе болмас. Халқымыздың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қызыр – аралайды екен. Сол себепті осы түн – «Қызыр түні» деп аталады. Қызыр адамдарға дәулет дарытып, бақ қондыратын, ақсақал кейпінде көзге көрінетін қиял-ғажайып кейіпкер. Жақсылықтың жаршысы, жаңа түскен Күн нұрының символы – Қызыр ата даланы кезіп жүріп, назары жерге түссе, оның тоң кеудесін жібітеді, ал тасқа түссе, тасты ерітіп жібереді екен.

Наурыз күні наурыз көже пісіріледі. Көже ішіліп болған соң, төрағасы қолын жайып:

«Бақытты ас берсін,  
Ұлың оңға қонсын,  
Қызың қырға қонсын,  
Менің берген бұл батам,  
Ұлыс күнге сақтап жүрген сүр батам»-деп үй иесіне батасын береді.

**Әзірлегендер Қуатбек Қомашұлы,  
Қуаныш Дүйсенқұлов, Журналистика  
курсының тыңдаушылары**

## ҰЛЫС ТОЙ БІЗГЕ ЖЕТКЕН ҒАСЫРДАН

Әмірі ме Алланың берген көкпен,  
Наурыз бізде жыл басы болған көптен.  
Алты Алаш баласының Ұлыс тойы,  
Ұмытылмай ғасырлардан бізге жеткен.  
Бұл күні күн менен түн теңеледі,  
Бар халық қуанышқа кенеледі.  
Жібиді Самарқанның қара тасы,  
Жер беті гүлге оранып, көгереді.  
Ұлан байтақ еліміз қайта түлеп,  
Қыр басына шығады барлық түлек.  
Ауылдар мен қаланың халықтары,  
Наурыз тойын тойлайды енді бөлек.  
Араз жандар бірін-бірі кешіріп,  
Іште жатқан өкпелерін өшіріп.  
Құшақтарын айқара ашып,  
түйістіріп төстерін,  
Сый құрметін аямайды  
мерейлерін өсіріп.  
Экология кафедрасы той  
көшінің басында,  
Қыз келіншек дастарханның қасында.  
Шаңыраққа шақырамыз Сіздерді,  
Дәм татуға келініздер,  
үлкендер мен жасың да.  
Наурыз тойы құтты болсын жарандар,  
Болашаққа жарқын жүзбен қараңдар.  
Зор денсаулық, бақыт, шаттық тілеймін,  
Ұлыс тойдан жан нұрланып,  
қанаттанып тараңдар.

**Ж.Құрманғалиев,  
Экология және орман шаруашылығы  
кафедрасының аға оқытушысы**





Тарихы шежіреге толы қазақ халқының болмысы жайлы әңгіме қозғар болсақ, қазақты қарапайым, қонақжай, еңбекқор, қажырлы екендігінен, қыран құсы, ұшқыр тазысы мен жүйрік аты және үкілі домбырасы арқылы танып білеміз. Көшпенді қазақ атанған ата-бабаларымыз осынау аталған қасиеттер мен құнды дүниелерді қастерлеп ұстаған, серігі еткен. Қарапайым қазақ тірліктегі нәсібін де осылардан тауып, азық еткені мәлім. Халқымыздың ежелгі салтында қыран баптап, аңға шығу дәстүрі қалыптасса, мұны спорттың бір саласы, салауатты өмір салтын ұстану десе де артық айтқандық емес.

рек екендігі анық. Міне, әркез Мақпалдың жанынан табылатын осындай қасиеттер оның мамандығына деген сүйіспеншілігін арттыра түссе керек. Мақпал сонымен қатар өнерге де өте жақын жан. Қазақтың кара домбырасын жанына серік еткен аруымыз дәстүрлі әндерді де шырқағанды ұнатады. Гитара да ойнай біледі. Мақпалдың әрі оқу үздігі екенін де айта кеткеніміз артық болмас.

«Болашақта оқуымызды аяқтағаннан кейін, осы бағыттан айнымай, табиғатқа жақын жүру үшін, тәуелсіз жас мемлекетіміздің көркеюіне үлес қосу үшін, мемлекеттік қорықтарда еңбек сіңірsem бе деген жоспарым бар», - дейді ол ағынан жарылып.

Мақпал бала кезінде қоян мен кірпі асырап, кекілік баққан екен. Бақа да бақса керек. Жалпы аң-құстар мен жан-жануарларды өте жақсы көреді. Ең қызығы, қыз баланың дәл осы аңшылықтану саласына үлкен қызығушылық танытуы оған бала кезінен таныс болған үрдіспен сабақтасып жатқандығы болса керек. Мақпал мамандығын мақтан тұтады, ол – адам баласы қай салада қызмет етсе де сүйіспеншілікпен, қызығушылықпен, үлкен ықыласпен атқаруы керек деп есептейді.

**Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ**

# Ару қыз – Мақпал

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінде «Аң өсіру және аң шаруашылығы» мамандығын меңгеріп жатқан студенттер бар. Факультет ұстаздары аңшылықтанушы мамандығына көбіне табиғатқа етене жақын, аң құстарға шын жаны ашитын ұл-қыздар келетінін айтады. Олар студент кезінен-ақ мемлекетіміздің байлығы – аң-құстарды қорғау, оларды көбейту, ұқыпты пайдалану керектігін жете түсініп, аңшылықтанудың қыр-сырын меңгереді. Бүгін біз осы мамандықта білім алып жатқан болашақ аңшылықтанушылардың арасында Мақпал есімді аруға ерекше тоқталмақпыз. Ұстазының айтуынша, Мақпал аңдар мен құстарды аулау техникасы пәнінің тәжірибелік сабақтарында аңдарға қақпан құрып, құстарға тұзақ қоюда тапсырманы өте ұқыпты орындайды.

Мақпал 1989 жылы Қытай Халық Республикасының Ал-

тай өңірінде дүниеге келген. Мақпалдың кішкентайынан табиғатқа етене жақын өсуіне әкесі себепші болыпты. Алтай тауларының бөктерінде табиғаттың тылсым сырын жете меңгеріп, саятшылыққа жақын болған Мұхтар аға Мақпалды қасынан бір елі тастамай, үнемі бірге алып жүрген екен. Әсем табиғат пен оны қоршаған орта, сол тау бөктерін мекендейтін аң-құсқа деген сүйіспеншілік, қызығушылық Мақпалдың бойына осылайша дарыса керек.

– 2007 жылы ата-анам Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданына қоныс аударды, - дейді Мақпал. – Орта мектепті бітіргеннен кейін жоғары оқу орнына түсу үшін аңшылықтану саласына оқытатын университет туралы сұрастырдым. Жастайымнан табиғат аясында өскендіктен болашақ мамандығымды жүрегімнің қалауы бойынша таңдағанды жөн көрдім. Елордасы Астана төрінде С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық универси-

тетінде «Аңшылықтану және балық шаруашылығы технологиясы» факультеті барын естіп, қатты қуандым. Ойланбастан Астанаға келіп, осында құжаттарымды тапсырдым. Аллаға шүкір, бүгінде білім алудамын.

Мақпал қоян сойғанда алдына жан салмайды. Практикалық сабақтар барысында тобында оқитын ер балаларды ысырып қойып, өзі сойғанды ұнатады. Қоян союға да шеберлік пен жүректілік, икемділік, қызығушылық ке-





## Тоғызқұмалақ - қазіргі таңдағы зияткерлік ойындардың бірі

Дүниедегі әрбір ұлттың белгілі бір мәдениет үлгісі мен өнері түрлі тарихи және қоғамдық себептердің салдарынан өмірге келгенімен, бірақ, солардың барлығының ғасырлардан-ғасырларға ұласып, ұзақ уақыттар бойы адамзат игілігіне жарай беруі тым күрделі құбылыс. Тек осылардың ішінде құны бар, өміршеңдік қуаты күштісі ғана кейінгі ұрпақтарға жалыны өшпей, жыл өткен сайын маңызы күшейіп жетеді. Дәл осындай ұлттымыздың өшпес мәдениет үлгісі мен өнер айшығының бірі – тоғызқұмалақ ойыны. Ол ұлттымыздың бұрынғы заманнан бері жалғасып келе жатқан, тамыры тереңге бойлаған дәстүрлі төл мұрасы. «Тоғызқұмалақ» – бұрынғы заманнан бүгінге жалғасын тапқан қазақ халқының ұлттық хәм әлемдік мәдениетінің озық

үлгілерімен бой тенестіре алатын зияткерлік, логикалық ойлау өнері. Археолог-ғалымдарының пайымдауынша ойынның пайда болу мерзімі 4000 жыл шамасын қамтиды. Соңғы деректерге қарағанда, оның шығу тарихы 4 мың жылдық кезеңді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғызқұмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын болатын. Тоғызқұмалақ мәдени мұра ғана емес, жастардың зердесін, ойлау жүйесін жетілдіруге маңызды зияткерлік спорттық ойын түрі екенін атап өтуіміз керек. Міне, бұл – тоғызқұмалақ ойынының басты ерекшелігі. Басқа спорттық ойындардан айырмашылығы – бұл ақыл-ой ойыны. Тоғызқұмалақ ойлау арқылы ойнайтын

ойын. Тоғызқұмалақ ойыны әлем елдері қызығып ойнайтын ойынның бірі деуге де болады. Бүгінгі таңда осы ұлттық ойынымыз әлемдік деңгейге көтеріліп, жас ұрпақты зияткерлікке, ойлау қабілеттерін арттыруға, жан-жақты ой-өресін жетілдіруге ерекше маңызға ие болып отырғаны. Қарашаның 2-сі күні Алматы қаласында тұңғыш рет «Тоғызқұмалақтан» халықаралық сайыс басталды. Еліміздің Елордасында өткен тоғызқұмалақтан тұңғыш әлем біріншілігі. Қазақстан Республикасында қазір спорт түрі ретінде Тоғызқұмалақ қанатын кенге жайып, танымал ойын болып дамуда. Қазақстан Республикасының Тоғызқұмалақ ойынынан жекелей чемпионаты ресми түрде 1974 жылдан бастап өткізіліп келеді. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі жыл сайын ересектер арасында жекелей және командалық, жастар мен жасөспірімдер арасында, ардагерлер арасында чемпионаттар өткізуде. 1998 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президенті

Н.Ә.Назарбаевтың жүлдесі үшін халықаралық жарыстар ұйымдастырылып келеді. 8 жыл ішінде бұл жарысқа Моңғолия, Ресей, Қырғыз, Өзбек елдерінің спортшылары қатысып үлгерді. 2001 жылы 1 сәуір айынан бастап Астана қаласында Шахмат клубы жанынан Тоғызқұмалақ бөлімі ашылды. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бері тоғызқұмалақ жылдан-жылға дамып келеді. Бұл жерде жаңа құрылған тоғызқұмалақ федерациясының ықпалы зор болып отыр. Бүгінгі таңда осы қауымдастықтың арқасында елдің түкпір-түкпірінде үйірмелер ашылып, тоғызқұмалақтан жарыстар жиі өткізіліп келеді. Елордамыз Астана қаласы жақынғы жылдардан бері байрақты бәсекелер бас қосуының алтын ұясына айналды. Сондай-ақ, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агро-техникалық университеті қабырғасында білім алып жатқан студенттер арасында да тоғызқұмалақтан жарыстар ұйымдастырылып тұрады.

**Мейірімгүл Тимур,**  
**Агрономия факультетінің**  
**1 курс студенті**

### ● ТӘНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

## ШАҢҒЫШЫЛАР СЫНҒА ТҮСТІ

Жақында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ұжымы Астана паркінде шаңғы жарысын ұйымдастырды. Оқу ордасы студенттеріне білім берумен қатар азаматтық тәрбиені қалыптастыру мақсатында тән саулығына да ерекше мән береді. Жарысқа 9 факультеттің профессорлық-оқытушылар құрамы, әкімшілік-басқарма ұжымы және де шаруашылық басқарма бөлімінің қызметкерлері қатысты. Додаға қатысушылар ерлер мен әйелдер арасында жекелей 5 топ бойынша ұйымдастырылды: 20-29 жас аралығында, 30-39 жас аралығында, 40-49 жас аралығында, 50-59 жас аралығында және 60 жастан жоғары. Шаңғы маусымының жабылуы қарсаңында өткен жарысқа университет ұжымы ерекше құлшыныспен қатысты. Көтеріңкі көңіл-күй, таза ауа, спорт, жеңіс

ұғымдары әрбір қатысушыға шынайы демалыс сыйлады. Жеңімпаздарға диплом мен сый-құрмет көрсетіліп, барлық спорт сүйер қауымға ыстық ас мәзірі ашық аспан астында үлестірілді.

20-29 жасқа дейінгі қыздар арасында Лейла Мұрзабекова жеңімпаз атанса ерлер арасында Ринат Шабжанов



бірінші келді. 30-39 жас аралығында сынға түскендерден қыздар арасында Светлана Яцук, ерлер арасында Сабыржан Дүйсенбеков, ал 40-49 жасқа дейінгілер арасында қыздардан Гүлмира Садуақасова жеңіске жетсе, ерлерден проректорлар Александр Майер I орын, Айтжан Әбдіров II орынды қанжығалады. 50-55 жасқа дейінгілерден қыздар арасында бас бұхалтер Дәмелі Әбдіқалықова бірінші келсе, ерлерден Андрей Федеров жеңіске қол жеткізді. 60 жастан жоғарғылар арасында Валентина Кабардина оза шауып, жеңімпаз атанды.

Құттықтаймыз!

**Баспасөз орталығы**

Газет Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, №1106-Г тіркеу куәлігі берілген.

Редакция жариялауға ұсынылған материалдарды рецензияламайды. Жарияланымдардың мазмұны мен суреттердің сапасына жауап бермейді.

**РЕДАКТОР**  
Бақытгүл Абайқызы

**ДИЗАЙН ЖӘНЕ БЕТТЕУ**  
Айсұлу Исмаилова

**МЕКЕНЖАЙЫ:**  
Астана қаласы,  
Жеңіс даңғылы, 62 А,  
С.Сейфуллин атындағы  
ҚазАТУ-нің бас  
ғимараты,  
тел: 31-75-64; 39-57-07

Газет С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ баспаханасында басылды.

Газет ай сайын шығады.  
Таралымы 1000 дана.